


Мектепалды даярлық сыныбының тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Бекітемін:

Оқу ісі жөніндегі орынбасары:  Аманшеева А.Ж

Білім беру ұйымы М. Жұмабаев атындағы ЖББОМ

Мектепалды даярлық «Ә»

Балалардың жасы 5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі II-апта 12 – 16 ақпан 2023-2024 оқу жылы

Сынып жетекшісі: Жумабекова М.Б

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді үйрету. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту, бүгінгі ауа райы туралы балалардың ойын білу				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретінін сездіріңіз.	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.	Ата –аналармен әңгіме: «Дұрыс тамақтануға баулу»
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Шарлармен жаттығулар орындау. Мақсаты: жаттығуларды орындайды. қызығушылығын білдіреді. (Топпен)	Дидактикалық ойын «Кімде не бар?» Мақсаты: Заттардың (шкаф, орындық т.б) аттарын дұрыс атай біледі.	Дидактикалық ойын "Ғажайып қапшық" Мақсаты: балалар ойыншықтардың атауларын айтады.	Әңгімелесу: "Менің ойыншығым" Мақсаты: Балалар тәрбиешінің сұрағына жеңіл сөздермен жауап береді.	Дидактикалық ойын "Атын атап бер" Мақсаты: түсі мен көлеміне қарамастан таныс заттарды таниды және көрсетеді.
Ертеңгілік жаттығу	Таңғы жаттығу кешені № 9				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық (бұдан әрі-ҮІӨ)	«Аспан» Асапан ашық, көгілдір, Күн шуағын төгіп тұр! Қол ұстасқан біздерді, Тереземнен көріп тұр	«Ақ тілек» Адал жақсы ниетпен Бар адамға бақ тілеп. Жарып шыққан жүректен, Сөздің бәрі – Ақ тілек!	«Сықырлы таяқша» Мен бәріңе Қуаныш тілеймін! Мен бәріңе Мейірім тілеймін! Мен бәріңе шуақты күн тілеймін! Мен бәріңе көңілді ойын тілеймін! Мен бәріңе Денсаулық тілеймін!	«Қыс» Боран соғар оң жақтан, Боран соғар сол жақтан. Қар лақтырып ойнасақ, Суық өтер қолғаптан.	«Шана» Тоңса біздің қолымыз, Қолғап киіп аламыз. Сарт, сарт, сарт Алақанды соғамыз. Тоңса біздің аяғымыз Етік киіп аламыз. Топ, топ, топ Топылдатып билейміз. Тоңса біздің денеміз Тонды киіп аламыз Зу, зу, зу

Мектепке дейінгі ұйым
кестесі бойынша ҮІӨ

1 - ұйымдастырылған іс-әрекет

Сөйлеуді дамыту

Міндеті Өңгімелесушіні мұқият тыңдап, сұрақтарды дұрыс қоюға баулу
Мақсаты : Қыс мезгілінің ерекшеліктерін түсіндіру.

–Қыс мезгілінде неше ай бар?
–Балалар, қыс мезгілінің үш айы да қарлы, аяз, ызғарлы суықпен өтеді.
–Балалар, сендер қар қайтп жауатынын білесіңдер ме?
–Дұрыс, қар жапалақтап, түйіршектеніп те жауады.
–Кәне, бәріміз бірге «жапалақтап», «түйіршектеніп» деген сөздерді қайталайық.
–Балалар, қардың түсі аппақ, жер бетінде күмістей, жып-жылтыр болып жалтырап жатады. Қар – жұмсақ ұлпа

Педагог өлеңді мәнерлеп оқып, мазмұнын түсіндіреді.

Қаңтар

Лебі мұздай ызғарлы, Алып келді қыс қарды. Қысқы түндер ұзарды, Ұзақ күндер қысқарды. Аяз сүйіп қарсы алған, Жердің аппақ тұлғасы. Басталады қаңтардан, Қыс айының ортасы

Дене шынықтыру

Міндеті: - - Аяққа арналған жаттығулар: аяқтың ұшына көтерілу, қолды алға созып, жартылай отырып-тұру (2-3 рет);
Мақсаты: . Сапта тұрып бір-екі санаққа санауға және сапта тұрып түзелуге үйрету. 30 см биік заттар арқылы кезекпен секіруге үйретуді жалғастыру.
II. «Қатып қал!» ойын жаттығуы. Шашырап жүру, жүгіру. «Қатып қал!» бұйрығы бойынша бір орындарында қатып қалады.

Топтарға бөлініп, негізгі қимыл-қозғалыстарды орындайды. Нөмірлері бойынша топ болып сапқа тұрады. 30 см биік заттар арқылы кезекпен секіруге үйретуді жалғастыру. Нұсқау – екі аяқпен ширақ серпіліп, қолды алға шығарады. Заттардың жанында екі тізбекке тұрады. Топтарға ат қояды. Поролон текшелерден секіріп, құрсауды айналып өтіп, таяқшаны келесі балаға алып келіп, өзі тізбектің соңына

Сауат ашу негіздері

Міндеті . Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау
Мақсаты Берілген буынға сөз құрай алу дағдыларын бекіту

«Сөзді аяқта»
дидактикалық жаттығуы
– Мен сендерге сөздің ең соңғы буынын айтпай аяқталмаған сөздер айтамын, сендер соңғы буынды қосып, сөзді аяқтап қайтадан айтасыңдар.
Мысалы: аққа...ла, ба...ла, ба...нан, бан...тик, асқа...бақ, сә...біз, домбы...ра, қам...шы, балмұз...дақ, аялда...ма, дәріха...на, емха...на, балабақ...ша, бағдар...шам, қа...лам, қыза...нақ, бұл...ақ, көзілді...рік, тоңазыт...қыш, тоқыл...дақ, тер...ек, ша...тыр, ал...қа, апель...син, ау...ыл, ас...пан, қарын...дас, кер...ует, қа...зан, шаныш...қы, ба...лық, қал...қан, қаң...бақ, қа...мыр, шал...бар, кі...лем, жү...рек, жүге...рі, жүл...дыз.

Сауат ашу негіздері

Міндеті Дыбыстық талдау жасай алу дағдыларын бекіту
Мақсаты Ойындар арқылы шапшаңдық, төзімділік секілді қасиеттерін дамыту.

. «Кім көп сөз ойлап айтады?» дидактикалық ойыны
Н дыбысынан басталатын сөздер ойландар, сөздерді шапалақпен буынға бөліңдер, қанша буын атасындар.
– Нан, нар, ну, нарын, немене, не, неге, нағыз, Нұрлан, Нұргүл, неке, нақ, неліктен.
– Р дыбысынан басталатын сөз ойландар. Кім көп сөз ойласа, соған бір фишқадан беріліп отырады.
– Радио, рауғаш, рас, рет, резеңке, рен.
Ойын соңында фишкаларды санап, жеңімпазды анықтайды.

Көркем әдебиет

Міндеті: - - Белгілі образды сомдауда эксперимент жасауға, түрлендіруге мүмкіндік беру
Мақсаты: театрландырылған ойындарға оң көзқарасын қалыптастыру.
. Ертегі мазмұны бойынша сұрақтар:
– Ертегі ұнады ма?
– Ертегі не туралы?
– Анасы тиінді жұмсап, қыздарын не үшін шақырды?
– Тиін үлкен қызды неге айналдырды? Не үшін?
– Тиін ортаншы қызды неге айналдырды? Не үшін?
– Тиін кіші қызды неге айналдырды? Не үшін?
– Қай қыздың әрекеті ұнады?
Рөлге бөліп ойнау

			Әр дұрыс айтылған сөзге педагог жұлдызша беріп отырады	
--	--	--	--	--

Үзіліс: Қимылды ойындар «Әуедегі атыс»

ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ОЙЫНДАР


Мен қандай адаммын ?

Мақсаты: Топта жұмыс жүргізу жағымды ахуал орнату, қарым - қатынастың белсенді стилін және байланыс немесе алу тәсілдерін меңгеру;

Әр қатысушы өзінің жағымды , жағымсыз қасиеттерін айтады . Сол бойынша қорытынды жүргізіледі .



үшін
кері



Ойын: «Әуедегі атыс» қимылды ойыны

Мақсаты: Топпен қарым-қатынасты нығайту, тез қимылдау.

Ойынның шарты: Бұл сайыста оқушыларды екі топқа тең бөлесіз. 1-топқа бірыңғай қызыл түс (өз қалауыңыз бойынша да таңдауға болады), 2-топқа жасыл түсті үрленген шар беріп, екі команданың арасын түзу сызық етіп бормен сызып қоясыз. Музыка ырғағымен екі команда өз шарларын қарсылас команда жаққа лақтыру керек. Қай топ жылдам сол жеңіске жетеді.

2 - ұйымдастырылған іс-әрекет


<p>Қоршаған орта Міндегі: - Қазақстан аумағын мекендейтін жануарлар мен олардың төлдерін атау және олардың өздеріне тән белгілері бойынша ажырату</p> <p>Мақсаты Жануарлардың бәрінің тірі жан иесі екендігі және олардың тіршілік етуіне белгілі бір жағдайлар қажеттігі туралы түсінікті пысықтау</p> <p>«Жануарды қоректендір» атты дидактикалық ойынды ұйымдастырады. Балалар екі командаға бөлінеді. Бірінші команда жануардың атауын атайды, екіншісі оның немен қоректенетінін айтады. Содан кейін керісінше ойнайды. Балалар өз қалауы бойынша ұнататын жануарына ас мәзірін дайындайды (муляж немесе суреттер пайдаланады).</p>	<p>Математика негіздері Міндегі: - Геометриялық денелерді тануды және атауды бекіту, заттардың белгілерін, салыстыру, ұқсастығы мен айырмашылығын табу -</p> <p>Мақсаты: қоршаған ортадан геометриялық пішіндегі заттарды табу қабілетін қалыптастыру</p> <p>Ортаны модельдеу Тақтада геометриялық фигуралардан бейнеленген ағаштар суреті ілінген, педагогтің үстелінде көлемді фигуралардан ғимараттар салынған. Геометриялық пішіндер елінде ағаштар да ерекше пішінге ие.</p>  <p>– Ағаштардың суреттеріне қараңдар. Қандай геометриялық пішіндерді көріп тұрсындар?</p>	<p>Математика негіздері Міндегі: Қоршаған ортадан геометриялық фигураларға ұқсас заттарды табу, олардың пішіндерін анықтау.</p> <p>Мақсаты: қоршаған ортадан геометриялық пішіндегі заттарды табу қабілетін қалыптастыру</p> <p>– Шағын топпен жұмыс «Затты тап» ойынын ойнайды. Балалар санамақ арқылы топтарға бөлінеді, топтарда талқылап, геометриялық денелерге ұқсайтын заттарды атайды. Әрбір дұрыс жауап үшін фишка алады. Жинақтағы геометриялық денелерді кезек-кезек көрсетіп, қандай заттардың оларға ұқсайтыны (осындай пішінге не) туралы сұрайды. Фишкаларды ең көп жинаған топ жеңімпаз атанады</p>	<p>Қоршаған орта Міндегі: - Бакылау арқылы төрт түліктің пайдасын білу</p> <p>Мақсаты Үй жануарлары мен олардың төлдері; олардың адамға әкелетін пайдасы туралы түсініктерін жинақтау</p> <p>«Кездейсоқ бірігу» техникасының көмегімен бірнеше топқа бөлінуге шақырады. Геометриялық фигуралар бейнеленген карточкаларды тарату арқылы; өтіп жатқан тақырыпқа қарай, гүлдердің, жануарлардың атауларына қарай. Педагог сұрақтар немесе ескертпелердің көмегімен балалардың топтағы жұмысына бағыт сілтеп отырады. Сол арқылы мәліметтерді дұрыс қабылдауға, дұрыс сөйлеуге үйретеді: Қандай дыбыс шығарады? Не жейді? Қандай пайда әкеледі? Балалардың назарын иттердің үйде және аулада өсірілетініне аударады. Үйде ұстайтын иттің астына төсем төселеді, ал аула иттері үйшікте жатады. Үйшіктің жанында ылғи ыдыс тұрады. Ол – иттің итаяғы. Қосымша мәлімет береді: әдетте, үйшіктің қасында екі итаяқ тұрады: біріне су, екіншісіне тамақ салынады. Қожайын итке тамақты белгілі бір уақытта</p>	<p>Математика негіздері Міндегі: Кеңістік туралы түсініктерді бекіту: заттарды кеңістікте орналастыру (сол жақта, оң жақта, жоғарыда, төменде</p> <p>Мақсаты кеңістікте орналасуы туралы білімін қалыптасатыру. «Қарама-қарсы бағдарды ата» дидактикалық ойыны Педагог ұйымдастырады. Педагог кеңістіктік бағдарларды атайды, ал белгі (доп, көрсеткіш, фишка және т.с.с.) алған бала мағынасы бойынша қарама-қарсы бағдарды атайды. Мысалы, оң жақ – сол жақ, жоғары – төмен және т.б. Балаларға мағынасы бойынша қарама-қарсы сөздерді айтады. Топтық жұмыс. «Не өзгерді?» ойыны Педагогтың үстелінде бірнеше зат жатыр. Балалар бір-біріне қатысты заттардың қалай орналасқанын есте сақтайды. Содан кейін олар көзін жұмады, осы кезде педагог бір немесе екі заттың орындарын ауыстырады. Балалар көзін ашып, қандай өзгерістер болғанын, заттар бұрын қайда тұрғанын және қазіргі тұрған жерін айтады. Педагог балаларды заттардың бір-біріне қатысты орналасуын сипаттайтын сөздерді пайдалануға ынталандырады. Мысалы, қоян мысықтың оң жағында тұрды, ал қазір оның оң жағында тұр, т.б.</p>
---	--	---	--	--

				<p>құйып отырады. Сұрақтарға жауап береді: Иттің өзіне тән белгілері қандай? Сиырдың ше? Олардың арасында ұқсастық бар ма? Айырмашылықтары қандай?</p>	
--	--	--	--	--	--

Үзіліс: Аз қимылды ойындар «Жалауша»

«Өкпені еріту» жаттығуы

Тып- тыныш денеңізді бос ұстап отырыңыз .Өзіңізді қаракөлеңкеде театрда отырмын деп есептеңіз Алдыңыздағы шағын сахнаға (ең жек көретін, көргіңіз келмейтін) сіз кешіруге тиісті адамды қойыңыз. Мейлі ол сізді қазір ренжітсін , бұрын ренжітсін ,қазір өмірде бар болсын , әлде өмірден өтіп кетті ме , оған мән бермеңіз .Көз алдыңызға елестеткенде оның жағдайы жақсы , жүзіне күлкі үйірілген жағдайда болуы керек . Оны бақытты деп біліңіз . Бірнеше минут оның жүзін анық көз алдыңызда ұстап тұрыңыз . Сонан соң барып ол бейнемен қоштасыңыз . Сіз кешірген адам кетісімен сіз өзіңізді сахнаға қойыңыз. Өзіңізді де тек жақсы жағдайда елестетіңіз . Бақытты , күлкі үйірілген жүзбен тұрыңыз . Бұл әлемдегі жақсылық барлығыңызға да тең жететінін ұғыңыз .



Ойын: «Жалауша»

Ойынның мақсаты: жарысып тез жүгіруге, қарсыласынан бұрын жалаушаны алуға жаттықтыру.

Керекті құралдар: ысқырық, жалауша, бор, таяқша.

Мазмұны.

Сыныптағы балалар санау арқылы екі командаға бөлінеді. Олар ойын алаңының екі шетінде қарама-қарсы сап түзеп тұрады. Ойыншылардың дәл ортасынан диаметрі 1 метрлік шеңбер сызылады. Шеңбердің ортасына жалауша тігіледі. Жалаушаның қасында қолына ысқырық ұстаған ойын жүргізуші тұрады.

Ойынның басталуына белгі берілгеннен кейін әр командадағы бірінші тұрған ойыншылар тез жүгіріп келіп, жалаушаны алдымен алуға тырысады. Егер ала алса, ол ойыншы команда есебіне бір ұпай қосады. Ал шеңберге екі бала да қатар келсе, олар өте сақ болулары керек, өйткені қай ойыншыға қарсыласының қолы бұрын тисе, оның жалаушаны алуға қақысы жоқ.

Ойын осылай бірнеше рет жүріп, жеңіске жеткен команда анықталады.

Ойынның ережесі.

1. Ойыншылар тұрған қатарларынан бір мезетте шығуын мұқият қадағалау қажет.
2. Шеңбердің сызығын басуға болмайды.
3. Шеңбер ішінен алған жалаушаны ойын жүргізушіге беріп, ойыншылар қайтадан тұрған орындарына жүгіріп кетеді.

Әдістемелік нұсқаулар.

Ойын қызықты өту үшін командаларды бір түзудің бойына тұрғызу керек. Ойын жүргізуші етіп сабаққа қатыса алмайтын оқушыларды немесе арнаулы төрешілерді тағайындауға болады.

3 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	<p>Шығармашылық бейнелеу әрекеті Міндеті: - Қаршақыздың достарымен</p>	<p>Қазақ тілі Міндеті: - , - Мемлекеттік Елтаңбаны сипаттай білу үйрету, тапқақты жаттау</p>	<p>Сөйлеуді дамыту Міндеті: - Қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу</p>	<p>Көркем әдебиет Міндеті: - Белгілі образды сомдауда эксперимент жасауға, түрлендіруге мүмкіндік беру -</p>	<p>Қазақ тілі Міндеті: -- Мемлекеттік Рәміздердің қазақша атын үйрету,</p>
--	---	---	--	---	---

	<p>танысып, олардың суретін сала білуге үйрету -- Кейіпкерлердің өзіне тән бөлшектерін мүсіндеу, композицияларды қосымша заттар мен элементтердің көмегімен көркемдеп жеткізу - Сюжеттік композициялар жасау, оларды сәнді бөлшектермен толықтыру, жеке және топпен бірлесіп жасау, онда міндеттерді келісіп атқару - Сюжеттік композициялар жасау, оларды сәнді бөлшектермен толықтыру, жеке және топпен бірлесіп жасау, онда міндеттерді келісіп атқару</p> <p>Мақсаты:- Қаршақыздың сүйікті достарын салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру</p> <p>Топтық жұмыс</p>	<p>Мақсаты Мемлекеттік Рәміздердің қазақша атын үйрету, сөйлеу мәдениетін жетілдіру. «Мнемо кестесі» бойынша Мемлекеттік Елтаңбаны сипатта, сөйлем құра.</p> <ul style="list-style-type: none"> – Елтаңбада шаңырақ бейнеленген. – Елтаңбада тұлпар бейнеленген. – Елтаңбада жұлдыз бейнеленген. <p>2. Тақпақ жатта.</p> <p>Мемлекеттік Елтаңба Елтаңбамыз – ел беті, Төрге ілінер көрнекі.</p> <p>Анам таққан шолпыдай</p> <p>Дөп-дөңгелек, өрнекті.</p>	<p>Мақсаты Қыс мезгілінің ерекшеліктерін түсіндіру.</p> <p>Мақал-мәтелдер</p> <p>1. Қысына қарай – көктемі, Диканына қарай – егіні. 2. Қар жауды деп қуанба, Артынан келер аязы. 3. Қыс қамыңды жаз ойла. Дидактикалық ойын: «Дауыссыз дыбыстарды анықта».</p> <p>Ойын шарты: «Қаңтар» өлеңіндегі «мұздай», «ызғарлы», «қарлы», «түндер», «ұзарды», «қысқарды» сөздерінің ішінен дауыссыз дыбыстарды педагогтің көмегімен табу.</p> <p>Мысалы: «мұздай» сөзіндегі «д» дыбысы – дауыссыз дыбыс. «Ызғарлы» сөзіндегі «з» дыбысы – дауыссыз дыбыс. Тапсырма ауызша орындалады</p>	<p>Мақсаты театрландырылған ойындарға оң көзқарасын қалыптастыру.</p> <ul style="list-style-type: none"> Педагог балаларға жұмбақ жасырады. – Өмірдегі ең жақын, аяулы жан кім? – Ана сөзін естігенде, ойларыңа не келеді? – Аналарың сендерді қандай сөздермен еркелетеді? Ана – ең аяулы жан. Анамызды сыйлап, ренжітпей жүруіміз керек. Анамыз ауырып калса, дәрі-дәрмек беріп, күтіп, көмектескеніміз жөн. Бүгін біз ана туралы «Үш қыз» атты татар халық ертегісімен танысамыз. Ертегі – әдеби жанрдың бір түрі екенін естеріне түсіру. Ертегінің әңгімеден айырмашылығы – ойдан, қиялдан шығарады. Ертегіні оқып, мазмұнын ашу 	<p>сөйлеу мәдениетін жетілдіру</p> <p>Мақсат Мемлекеттік Рәміздердің қазақша атын үйрету, сөйлеу мәдениетін жетілдіру.</p> <p>Постермен жұмыс.</p> <p>Педагог шағын мәтінді оқиды. Мынау – Мемлекеттік Елтаңба. Елтаңбамызда шаңырақ, күн шуақтары, тұлпар, жұлдыз бейнеленген. Төменгі бөлігінде «Қазақстан» деген жазу бар. Мемлекеттік Елтаңбаның авторы – Жандарбек Мәлібеков пен Шот-Аман Уәлиханов.</p> <ul style="list-style-type: none"> – Мемлекеттік Елтаңбада не бейнеленген? – Мемлекеттік Елтаңбада шаңырақ, күн шуақтары, тұлпар, жұлдыз бейнеленген. – Мемлекеттік Елтаңбаның авторы кім? – Мемлекеттің Елтаңбаның авторы – Жандарбек Мәлібеков, Шот-Аман Уәлиханов. <p>Балалар жаңа сөздерді және сөйлемдерді, мәтінді қайталайды</p>
--	---	---	--	--	---

--	--	--	--	--	--

Үзіліс: «Торғайлар мен тор» қимылды ойыны .

Тіл гимнастикасы
«Р»-ға тілің келе ме?

Қаламқасқа «тұр», - деші,
Қарындашқа «жүр», - деші.
«Қара қарындашты
Қаламқас алып тұр», - деші,
Ал енді өзін-ақ
«Р-р-р-р», - деші.

Ойын: «Торғайлар мен тор» қимылды ойыны
Мақсаты: Топпен қарым-қатынасты нығайту, тез қимылдау.
Ойынның шарты: Балалар екі топқа бөлінеді. Бір топ алаңның ортасында қол ұстасып шеңбер құрып айналып жүреді. Сол топ тор болып саналады. Екінші топ- торғайлар. Тәрбиеші торды ашындар дегенде 1-ші топтың ойыншылары қолдарын көтереді. (Қол ұстасып айналып жүреді) Торғайлар шеңбердің ішіне кіреді, тез қайта шығуға тырысады. Тәрбиеші «торды жабындар» дегенде 1-ші топтың ойыншылары қолдарын түсіреді. Тордың ішінде қалып қойған балалар шеңберге қосылады. Сөйтіп 1-3 торғай қалғанша ойнайды.



4 - ұйымдастырылған іс-әрекет

<p>Сауат ашу негіздері Міндеті: - Түрлі ойындар арқылы балалардың алдыңғы тақырыптар бойынша алған білімдерін пысықтау</p>	<p>Музыка Міндеті: -- Музыка тыңдай отырып сол музыканың мағынасын ұғынуға үйрету Мақсаты Музыка тыңдай отырып</p>	<p>Музыка Міндеті: - Бесік жыры арқылы балаларды имандылыққа тәрбиелеу Мақсаты Музыка тыңдай</p>	<p>Дене шынықтыру Міндеті: - - Шанамен сырғанау. Бір-бірін шанамен сырғанату Мақсаты Дене қимыл жаттығуларын біртіндеп көбейте</p>	<p>Дене шынықтыру Міндеті: . - Қолды тізеге қойып отырып-тұру; аяқтың ұшымен ұсақ заттарды жылжыту Мақсаты -</p>
--	---	---	---	---

	<p>Мақсаты Сөздерді буынға бөлу, буындарды ретімен айту және сызбамен белгілей алу дағдыларын бекіту.</p> <p>«Бір буыннан басталатын бірнеше сөз» дидактикалық ойыны Педагог балаларды екі топқа бөледі. Педагог бір буынды айтады, балалар жалғастырып, келесі буынды табады. Бір буыннан бірнеше сөз құрауға жарысады. Сөз айтқан балаларға жұлдызшы беріліп отырады. Қай топ бір буыннан ең көп сөз айтады екен. Мысалы: (те-) те-(геш) , те-(рек), те-(мір), те-(тік), көр-(пе), (ор-) ор-(та), ор-(ман), о-(рак), (өр-) өр-(мек), өр-(кеш), өр-(ле), өр-(мек-ші), өр(т), (да-) да(мыл-да), да(был), да(кыл), да(уыс), Да(риға), Дә(рия).</p>	<p>сол музыканың мағынасын ұғынуға үйрету</p> <p>Музыка тыңдау: «Бесік жыры» (Ш. Мұхамеджанов) Ән айту: «Бесік жыры» (И. Нүсіпбаев) «Айнала ақша қар» (И. Мамақов) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Қоян», «Аю» (Е. Тиличеева) Билер: «Полька» хорват х.э. (өндеген В. Герчик) Ойындар, хороводтар: «Көлеңке» (К. Қуатбаев) Музыкалық аспапта ойнау: «Құлыншақ» (С. Урбах)</p>	<p>отырып сол музыканың мағынасын ұғынуға үйрету</p> <p>Музыка тыңдау: «Бесік жыры» (Ш. Мұхамеджанов) Ән айту: «Бесік жыры» (И. Нүсіпбаев) «Айнала ақша қар» (И. Мамақов) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Қоян», «Аю» (Е. Тиличеева) Билер: «Полька» хорват х.э. (өндеген В. Герчик) Ойындар, хороводтар: «Көлеңке» (К. Қуатбаев) Музыкалық аспапта ойнау: «Құлыншақ» (С. Урбах)</p>	<p>отырып, төзімділік пен жаттыққандықты арттыру. Бір аяқпен мейлінше ұзақ сырғи білуді Жалғастыр</p> <p>Қимыл-қозғалыс ойыны: «Алшақ бас!». Нұсқау – алшақ адымдар тек аяғымен жақсы итерілу, қолын екпінмен дұрыс сермеу, аздап бүгілген аяқпен барынша ұзаққа сырғығанда ғана мүмкін болатынына басты назар аудару керек. 15 метр қашықтықты ойыншылар қанша қадам жасап жүріп өтетінін есептеп байқау. Ойыншылар шаңғы жолымен 15 метр жүріп өтеді. Әр аяғымен мүмкіндігінше алысқа сырғуға тырысады. Қайтадан орнына жай жүріп қайтады.</p>	<p>. Сапта тұрып бір-екі санаққа санауға және сапта тұрып түзелуге үйрету. 30 см биік заттар арқылы кезекпен секіруге үйретуді жалғастыру.</p> <p>«Ержүректілікке жаттықтыру» «Бұлтқа қол жеткізу» Гимнастикалық қабырғада қол мен аяқ қозғалыстарын үйлестіріп өрмелеуге жаттықтыруды жалғастыру. Тапсырмаларды бұлжытпай орындап, өздерін ержүрек екендіктерін көрсетуге тырысады</p>
<p>Серуенге дайындық</p>	<p>Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.</p>	<p>Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.</p>	<p>Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.</p>	<p>Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.</p>	<p>Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.</p>

<p>Серуен</p>	<p>Серуен-Бақылау №1 Бақылау: Қыстап қалатын құстарды бақылау. Мақсаты: Қыстап қалатын құстардың түрлерімен таныстыру, қыстап қалатын құстар туралы мағлұмат беру, қамқорлықпен қарауға үйрету. Еңбек: Құстарға жем шашу. Мақсаты: Қыста құстарға аштықтың қатерлігін түсіндіре отырып, оларға қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу. Жеке жұмыс: Қыс келгенде торғайым Үй алдына қон дәйім. Ойна, жүгір желкілде, Тисем саған оңбай мын. Мақсаты: Тақпақ жаттата отырып, балалардың сөздік қорларының белсенділігін арттыру, тіл мәдениетін жетілдіру. Қимылды ойын: «Кім жылдам?» Мақсаты: Ептілікке, шапшаңдыққа баулу. Балалардың бойындағы зейінділік, сезімталдық қабілеттерін дамыту.</p>	<p>Серуен-Бақылау №2 Бақылау: Қарды бақылау. Мақсаты: Қыс мезгілінің ерекшеліктерін айту. Қар-түсі ақ, ұстасаң қолың тонады, жылыға ериді. Ойлау қабілетін дамыту. Тақпақ: Аппақ көше, бар дала, Аппақ ой мен қыраттар. Ақ шатырлы қар қала, Ақ жамылып тұр бақтар. Еңбек: Ағаштар түбіне қар үю. Мақсаты: Еңбексүйгіштікке тәрбиелей отырып, үйілген қардың маңызы туралы түсінік беру. Сөздік қорын дамыту, ойын жүйелеп жеткізе білуге үйрету. Ойын: «Қардан түрлі бейнелер жасау». Мақсаты: Ойынға қызығушылығын арттыру.</p>	<p>Серуен-Бақылау №3 Бақылау: Ауа-райын бақылау. Мақсаты: Ауа-райын бақылай отырып, күз мезгілінің өзіне тән ерекшеліктерін көрсете сипаттау. Еңбек: «Таза алаң». Мақсаты: Аула сыпырушыға көмектесу. Тазалыққа, кішіпейілдікке үйрету. Үлкендердің еңбегін қадірлей білуге тәрбиелеу. Жеке жұмыс: Е.Өтетілеуов «Күшік». Мақсаты: Ү дыбысының айтылуына жаттықтыру. Тақпақты мәнерлеп айтуға үйрету. Е.Өтетілеуов. «Күшік». Үреді үйшікте Аулада күшіктер Біреуі оның қап-қара, Біреуі сары ала Біреуі қардай ақ, Біреуі сұр жолақ Бәрібір, бәрінің жұмысы біреу-ақ: Үреді абалап Ойын: «Қасқыр мен қаздар». Мақсаты: Топ болып ойнауға, рөлдерді бөліп ойнауға қалыптастыру. Қимылдық ойын: «Тымпи-тымпи».</p>	<p>Серуен-Бақылау №4 Бақылау: Аязды бақылау. Мақсаты: Қыс мезгіліндегі күннің суықтығы-аяз. Аяздан бетіміз бен қолымыздың тонатынын, үсіріп жіберуі де мүмкін екенін, сол үшін де қолғап, мойын орауыш тағатынымызды түсіндіру. Еңбек: Ауладағы қарды күреу. Мақсаты: Балаларды еңбек сүйгіштікке, бірлесіп жұмыс жасауға үлкенге көмек беруді үйрету. Күректі дұрыс ұстауға үйрету. Қим.ойын: «Сырғанақ тебу». Мақсаты: Балаларды ұйымшыл тату ойнауға, шанамен ойнауға шақыру, таудан төмен сырғанау әдісін үйрету. Жеке жұмыс: Жұмбақ. Терезеге қонады, Әсем ою ояды. (Аяз). Мақсаты: Жұмбақ жаттату арқылы есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту, сөздік қорларын молайту.</p>	<p>Серуен-Бақылау №5 Бақылау: Күнді бақылау. Мақсаты: Тірі табиғат үшін күннің маңызы, пайдасы, қажеттілігі. Қыста күннің қызуы төмендейтіні туралы түсінік беру. Еңбек: «Қыс қызығы». Мақсаты: Балалар мен ата-аналар біріге отырып, ойын алаңын әшекейлеу, қардан сырғанақ жасау. Бірлесіп еңбек етуге үйрету, үлкендердің еңбегіне құрметпен қарауға тәрбиелеу. Жеке жұмыс: Ақ сандығым ашылды, Ішінен жібек шашылды. (Күн) Мақсаты: Балаларға жұмбақтарды жаттата отырып, тіл байлықтарын дамыту, ойлау қабілеттерін арттыру. Қимылды ойын: «Айгөлек». Мақсаты: Денені шынықтыру, шапшаңдыққа, ептілікке баулу.</p>
----------------------	---	---	---	---	--

<p>Балалардың үйге қайтуы</p>	<p><i>Ата –аналарға кеңес</i> Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</p>	<p><i>Ата –аналарға кеңес</i> Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</p>	<p><i>Ата –аналарға кеңес</i> - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, гөршокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.</p>	<p><i>Ата –аналарға кеңес</i> - баламен жағымды эмоционалдык жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.</p>
--------------------------------------	--	--	--	--

